



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№1 5 қазан 2019 жыл сенбі



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№1 5 қазан 2019 жыл сенбі

## “Білім күні”

1



1-қыркүйек «Білім күні», «Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай «Ата Заң - мемлекет пен қоғам тірегі» атты салтанатты жиын өткізілді.

Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова сөз алып, колледж ұжымын, жаңа қабылданған студенттерді мерекемен, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, табыс тіледі.

## “Қарттарым - асыл қазынам”

2



01.10.2019 ж. №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы төрайымы У. М. Ахметованың ұйымдастыруымен 1- қазан Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында колледжіміздің ардагер оқытушыларымен Pulse TV телестудиясында телебағдарлама өткізілді. Кеште ардагер ұстаздар жылы лебіздерін білдіріп, өнегелі сөздер айтты. Колледж әкімшілігіне алғыстарын білдірді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ардагерлерді құттықтап, колледждің кәсіподақ ұйымы сыйлықтар берді.



28.09.2019 ж. «Тәрбие бөлімі» мен белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен колледж алаңында 1 қазан - Қарттар күні мерекесіне орай жәрмеңке өткізіліп, түскен қаражатқа 2 қазан 2019 жылы №1 қалалық қарттар үйіндегі қарттарға сыйлықтар алынып, концерттік бағдарлама қойылды.

## Ата Заң еліміздің тірегі

3



1.09.2019 жылы «Ата Заң еліміздің тірегі» тақырыбында студенттер арасында дөңгелек үстел өткізілді.

## Педагогикалық кеңес

4



Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңестің х а т ш ы с ы н с а й л а у .
2. Қабылдау комиссиясының 2019-2020 оқу жылы жұмысының қорытындысы.
3. 2018-2019 оқу жылының ІІ жартысындағы білімгерлердің қарыздарын жою туралы есеп.
4. 2019-2020 оқу жылына педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын бекіту: Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі о р ы н б а с а р ы Қ у а н ы ш б е к о в а Л . Т .
5. Әр түрлі сұрақтар.

## Ұстаздар күні

5



04.10.2019ж. №2 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы төрағасы М.Л. Ералиевтің ұйымдастыруымен мұғалімдер күніне байланысты "Ұстазым, ұлағатым, үлгі - өнегем" атты салтанатты кеш өтті. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды мерекесімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. Колледждің кәсіподақ ұйымы ұстаздарға сыйлықтар берді.

## Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу

6



6.09.2018 ж Жас мамандар отырысы өтті. Күн тәртібінде: Жас мамандар отырысы: «Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу»  
1.1.Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу.

- 1.2.Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушылармен танысу және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Жас оқытушының жұмыс орнына кәсіптік бейімделуі. Оқытушыға қойылатын талаптар.
- 1.3 Колледждің нормативтік актілері мен нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру. Педагогика қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар.
- 1.4. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында

қазіргі сабақты қалай дайындаймыз?» практикум а) Күнтізбелік жоспарларды және жұмыс бағдарламасын құрастыру ережесі.

- ә) Сабақ жоспарларын жазу үлгісі. Сабақтың үш бірдей дидактикалық мақсаттылығы.
- д) Сынып журналдарын рәсімдеу бойынша кеңес
- с) оқытудың кредитті технологиясы барысымен таныстыру.

## ҚР Президентінің жолдауы


7



2.09.2019 ж. оқытушылар мен 2 курс студенттерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлының «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстандықтарға жолдауы тыңдалды.

## Семинар-тренинг

8



Колледж «Тәрбие бөлімі» мен «Елу жылда ел жаңа қоғамдық бірлестігінің басшысы Ш.Сүйімқұл ханыммен бірге бірлесе отырып, 1 курс студенттері арасында “Жастар салауатты өмір салтын қалыптастыру мен насихаттауға және есірткі бизнесі мен нашакорлықтың алдын алуға бағытталған” кешенді іс-шара өткізілді. Студенттер арасында есірткі, темекінің зияны туралы ашық әңгіме өрбіді. Есірткі қолданған адам мен қолданбаған адамдар арасындағы айырмашылықтар жайында талқыланып, ойындар ойнатылды. Іс-шара өз мақсатына жетті деген ойдамыз.



6.09.2019 ж. Колледж психологтары А. Өскенбаева мен А. Қазыбекованың ұйымдастыруымен өткізілген, «Жастар арасында СӨС қалыптастыру мен насихаттауға және есірткі бизнесі мен нашакорлықтың алдын алуға» бағытталған семинар – тренингке спортшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның 4 дүркін чемпионы, Еркін күрестен Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері, Азия чемпионы Ақжүрек Достықұлы Таңатаров және колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Жаксығұлов А. Н. қатысып, студенттерді құқық бұзушылыққа бой алдырмауға шақырды. Тренинг достық атмосферада өтті, қызықты, ақпараты мол, барлығы түсінікті болды.



2019 жылдың 6-шы қыркүйек күні Колледждің тәрбие бөлімі және Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мен насихаттауға және есірткі бизнесі мен нашакорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу» атты семинар тренинг өткізілді. Кіріспе сөзді, колледждің тәрбие жұмысының меңгерушісі: Л.К. Мейрманова сөз алып, арнайы шақырылған қонақтармен таныстырып өтті. Атап кететін болсақ, «Елу жылда – ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің мүшесі: Ш.Б.Сүйімқұл және Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, еркін күрестен Қазақстанның 4 дүркін чемпионы, бірнеше дүркін халықаралық біріншіліктердің жеңімпазы, 2012 жылы Лондонда өткен Олимпиада ойындарының қола жүлдегері А.Д.Таңатаров. А.Д.Таңатаров өз өмірі жайлы сыр шертіп, спортқа келу себебі мен өмірде кездесетін түрлі жағдайларда тізе бүкпей, жеңіп шығу керек екенін студенттерге түсіндіріп өтті. Жеңіс оңай жолмен келмейтінін, жеңіске тек сабырмен, ақылмен келетінін де айтты. Студенттер тарапынан түрлі сұрақтар қойылды.

## Телебағдарлама

9



Колледждің тәрбие бөлімі «Отбасы» күніне арналған «Отбасы-құндылығы-сарқылмас қазына» атты телебағдарлама өткізді. Бағдарлама 2 курс студенттерінің қатысуымен өтті.

Бағдарлама мақсаты: отбасы құндылықтарын сақтау оны әрі қарай насихаттау, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай, қадірлей білетін азаматтар тәрбиелеу болып табылады. Студия қонақтары: Жамбыл жоғары медициналық колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова және тәрбие бөлімінің меңгерушісі Л.К.Мейрманова, «Елу жылда-ел жаңа» атты қоғамдық бірлестігінің басшысы Ш.Б.Сүйімқұл, колледждің тәжірибелі оқытушысы Ә.Т.Мадимарова, колледж психологы А.Н.Өскенбаева. Бағдарлама барысында көптеген ситуациялық сұрақтарды талқылап, колледж психологы А.Н.Оскенбаев көрермендермен тренинг ойындарын жүргізді. Бағдарлама соңында колледж директоры Ж.Н.Сарыбековна



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№1 5 қазан 2019 жыл сенбі



№1 5 қазан 2019 жыл сенбі

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

“Білім күні” 1

“Қарттарым - асыл қазынам” 2

Ата Заң еліміздің тірегі 3

Педагогикалық кеңес 4

Ұстаздар күні 5

Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу 6

ҚР Президентінің жолдауы 7

Семинар - тренинг 8

Телебағдарлама 9

Қайырымдылық акция 10

Құқық бұзушылықтың алдын алу 11

Құттықтау 12



04.09.2019 ж. тәрбие жұмысының меңгерушісі Л. Мейрманова, колледж директорының құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Усенов, колледж психологтары А. Өскенбаева, А. Қазыбекова және Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы және кеңес мүшелерінің қатысуымен колледж қабырғасына кесетін және өткір заттар- пышақ, бәкі, тез жанатын, жарылғыш және т.б. заттарды өзімен әкелмеу, қолданбау мақсатында рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Рейдтік іс-шара барысында құқық бұзушылық анықталған жоқ.



6.09.2019 ж. колледж психологтары А. Өскенбаева, А. Қазыбековалардың ұйымдастыруымен өткізілген «Жастар арасында СӨС қалыптастыру мен насихаттауға және есірткі бизнесі мен нашакорлықтың алдын алуға бағытталған семинар – тренингке спортшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның 4 дүркін чемпионы, Еркін күрестен Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері, Азия чемпионы Ақжүрек Достықұлы Таңатаров және колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы қатысып, студенттерді құқық бұзушылыққа бой алдырмауға шақырды.



25.09.2019 ж. колледж Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Арысбаев Абзал Қапалұлы колледж студенттерімен кездесіп «Жасөспірімдер арасындағы бұзақылықтың алдын алу және бопсалау» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді

## Құттықтаймыз

12



Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін “Қазақстан Республикасының білім беру ісінiң құрметтi қызметкерi” №1 жалпы кәсіптік пәндер циклдык әдістемелік комиссиясының оқытушысы Л.В. Кимасова төсбелгісімен марапатталды.

көп балалы отбасынан шыққан 211 топ студентіне ұялы телефон сыйға тартты және де отбасылық тәжірибесі мол колледжіміздің тәжірибелі оқытушысына да сый құрмет көрсетіп, сыйлық тату етті. Бағдарлама өз мақсатына жетті деген ойдамыз.

## Қайырымдылық акция

10



«Nur Otan» партиясының «Балаларды мектепке даярлаймыз» атты Республикалық қайырымдылық акциясын қолдай отырып, №10 «Алау» бастауыш партия отырып, №10 «Алау» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызы көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларын мектеп киімімен қамтамасыз етті.

## Құқық бұзушылықтың алдын алу

11



02.09.2019 ж. құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Усенов, колледж психологтары А. Өскенбаева, А. Қазыбекова және Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Жақсығұлов А.Н. «Қалта ұрлығы»,

«Бопсалау», «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Интернет ойындары», «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 2019-2020 оқу жылында жаңа қабылданған 1 курс студенттерімен кездесіп, колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстарына 250 студент қамтылды.



03.09.2019 ж. колледж директорының құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Усенов, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Жақсығұлов А.Н. және колледж аумағын қадағалайтын кезекші оқытушылар колледж студенттерін және жаяу жүргіншілерді жолда жүру ережелерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> [https://www.instagram.com/zhmk\\_zhambyl.kz](https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz)